



ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

**Еуропалық Одақ Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелия Бушез ханымның
VII Астана экономикалық форумы шеңберінде "Қазақстан мен ЕО арасындағы
ынтымақтастықтың келешегі: еуропалық технологиялық тұғырлар және Қазақстанның
мақсатты технологиялық бағдарламалары" сессиясында сөйлеген сөзі**

Астана, 22 мамыр 2014ж.

Вице-министр мырза,

Құрметті қонақтар,

Мен бүгінгі Инновациялар жөніндегі конгреске қатысқанымға өте қуаныштымын. Ұйымдастырушыларға өте жақсы ұйымдастырғаны үшін және Қазақстандағы инновациялық үдерістерді қолдауға көрсететін тұрақты күш салуына шын жүректен құттықтауымды білдіргім келеді.

ЕО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың негізін бастапқыдан ғылыми зерттеулер мен инновациялар құрды. Бұл Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігімен» және басқа әріптестермен бірқатар бірлескен жобаларда көрініс тапты.

Инновациялар – бұл өзгеден басқа сауда саясаты, техникалық стандарттар регламенттері, сатып алу мен бәсекелестік мәселелері кіретін кең сала. Мен ЕО-да олар бойынша ұзақ мерзімді тәжірибесі бар және Қазақстанды, қазақстандық саясат әзірлеушілерін, компанияларды, ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерді қызықтыратын инновациялардың екі негізгі элементіне баса назар аударымын. Бұл екі элемент – ғылыми зерттеулер мен технологиялар трансферті саласындағы ынтымақтастық.

Бүгінгі таңда Ғылыми зерттеулер мен технологиялық даму жөніндегі жетінші негіздемелік бағдарлама шеңберінде (FP7) мысалы, пәрнек газдарының шығаралымдарын қысқарту жөніндегі талаптарға сәйкес көмір шахталарынан шығатын метанды пайдалану үшін жаңа технологиялық шешімдерді әзірлеу сияқты бірқатар инновациялық жобалар іске асырылуда.

"Көкжиек 2020" ғылыми зерттеулер мен инновациялар саласындағы ЕО жаңа бағдарламасын бастау біздің ынтымақтастығымыз үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл Еуропалық Одақтың 7 жылдық кезеңге (2014-2020 жж.) арналған шамамен 80 миллиард еуро мөлшеріндегі

қаржыландырумен, осы ақшаны тартатын жеке инвестициаларға қосымша бұрынғы аса ірі бағдарламасы.

Өндірістің және білімді пайдаланудың жаһандық табиғатын мойындай отырып, "Көкжиек 2020" алдыңғы негіздемелік бағдарламалар шеңберінде алынған халықаралық ынтымақтастықтың табысты тәжірибесіне негізделеді және үшінші елдер тарапынан қатысуға толық ашық. "Көкжиек 2020" барлығына ашық, құрылымы қарапайым, бұл бюрократиялық рәсімдер мен уақытты қысқартады және қатысушылардың шынайы маңызды заттарға көңіл аударуына мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл жаңа жобалардың жылдам басталуын және нәтижелерге тез жетуді қамтамасыз етеді.

Жыл сайын "Көкжиек 2020" шамамен 1500 бірлескен ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске қосады. Олардың барлығы Қазақстаннан қатысатын барлық әріптестер үшін ашық. Барлық жобаларды іріктеу әртүрлі деңгейдегі сарапшылар жүзеге асыратын бәсекелі рецензиялау үдерісінде жүзеге асырылады, бұл қазақстандық қатысушылардың білікті дайындалуына және халықаралық деңгейде бәсекелесуіне мүмкіндік береді. Қазақстандық университеттердің, институттардың, фирмалардың ғылыми қызметкерлеріне осы бағдарламаға қатысу және пайда табу үнемі ұсынылады.

ЕО-ның Ресей мен Қытай сияқты кейбір басқа халықаралық әріптестері өз қатысушыларына тікелей қаржыландыру ұсыну арқылы осы бағдарламадан түсетін пайданы барынша көбейту мүмкіндігін қарастыратынан атап өткен жөн. Сондай-ақ, мұндай мүмкіндік Қазақстанды да қызықтыруы мүмкін.

Мен Қазақстанға шамамен 13 000 технологияның деректер базасына тікелей кіруіне мүмкіндік беретін Еуропалық кәсіпорындар желісіне қатысу жөнінде еуропалық институттармен диалогты Қазақстан одан әрі жалғастыру керектігін атап өткім келеді. Бұл технологияларды, жаңа идеяларды одан әрі әзірлеу үшін әріптестер іздейтін ғылыми және өнеркәсіп сарапшылары ұсынады. Еуропалық кәсіпорындар желісінің жұмысы "Көкжиек 2020" бағдарламасымен тығыз үйлестірілетін болады.

"EU INCONET" жобасы арқылы ынтымақтастық үшін тамаша мүмкіндіктер бар. Бағдарлама Қазақстанның индустриясы, институттары мен университеттері және ЕО институттарының арасында байланыс орналастыру үшін «бауырласу» схемасына қатысатын, мүдделі әріптестерді қаржыландырады.

Инновациялар бойынша біздің ынтымақтастығымыздың саласы, әсіресе ЕО мен Қазақстанда бар, бір бірін толықтыра алатын әртүрлі сипаттамалар мен қажеттіліктерге орай өте кең.

Бұл ынтымақтастық Қазақстан экономикасының диверсифатталуына және 2050 Стратегиясының мақсаттарына жету үшін зор үлес қосатын, екі жақ үшін пайдалы болатынына мен сенімдімін.

Назарларыңызға рақмет және пікірталастарыңыз табысты болуын тілеймін.